ZU 1972 ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№3 (228)
17 naýryz
2023 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

## Төрлет, Әз - Наурыз!

### Қоғамды ұйыстыратын ұлы мереке



Қазақтың ұлы даласында сан ғасырлар бойы тойланып, атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлық мереке – Наурыз құтты болсын!

Табиғат жан-дүниесімен жадырап, тіршілік атаулыға жаңаша леп беретін осынау күнді ерекше сезіммен қарсы аламыз. Бұл күн – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Бұл біздің ұлттық салт-дәстүрлеріміз арқылы халқымыздың ынтымақ-бірлігі күшейтіп, туыстық, достық қарым-қатынастарды нығайтып, сүйіспеншілігімізді арттыратын күн.

**Құрметті университет ұжымы, студенттер!**

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы елімізге құт-береке, әр шаңыраққа бақыт пен молшылық әкелсін! Егемендігіміз мәңгілік, білікті маман даярлау жолындағы еңбегіміз жемісті болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,**
**Басқарма Төрағасы – Ректор.**

# ҰЛТТЫҚ КИІМ ӨНДІРІСІ – ИДЕОЛОГИЯ



***Қазақтың қолөнері, ұлттық киімдері еш халықтан кем емес. Көшпелі мәдениетімізге сай әрі әсем, әрі ыңғайлы. Бірақ күнделікті тұрмыста оқалы шапан, бүрмелі көйлек, кестелі тақияны кім киіп жүр? Сонда ұлттық киім тек мереке мен той-думанның сәні ме, әлде заманауи үлгіде жаңғырта алмай отырмыз ба? Ұлыстың ұлы күні қарсаңында университетіміздің журналистика мамандығының студенттері қаламыздағы қоғам қайраткерлері және белсенділерімен сұқбат құрып, «Ұлттық киім неге тек мерекеде ұлықталады?» - деген сауал жолдаған болатын.***

*ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ.*

## ҰМЫТ БОЛА БАСТАҒАН 6 САЛТ-ДӘСТҮР



2 бет

## Сүбелі туынды, сырбаз дүние




5 бет

## ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ САҒАНАҒЫ



6 бет

## В каждой душе живёт поэт




8 стр.

# ҰЛТТЫҚ СТУДЕНТТЕР ЛИГАСЫНА БОКСТАН ІРІКТЕУ ӨТТІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттерінің арасында бокстан, ҚР Ұлттық Студенттік Лигасының жарыстарына іріктеу қорытындысы белгілі болды. Жарысқа әр жоғары мектептен 6 түрлі салмақ дәрежелерімен 42 студенттен қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша:

1 орынды Техникалық ғылымдар жоғары мектебі алса, 2 орынды Құқық және экономика жоғары мектебі иемденді. Ал Жансүгіров колледжінің студенттері 3 орынның тұғырынан көрінді.

54, 63, 67, 86, 90 келі салмақ дәрежесі бойынша сынға түскен боксшылар Басқарма Төрағасы-Ректордың мақтау қағазы және медалімен марапатталды.

Атап айтсақ, ЖУ студенті Ақынбек Ақжол 54 келі, Сейтов Ернар 90 келі салмақ дәрежесінде 1 орынды иеленді.

Жеңіс тұғырына көтерілу әрбір спортшының басты арманы екені сөзсіз. Жас спортшыларымызға алдағы жарыста тек сәттілік тілейміз!

**Айдана АМАНЖОЛҚЫЗЫ,**
***Жансая ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ,***
***ЖҚ-111 тобының білімгерлері.***



# ӨЗ ҰЛЫН, ӨЗ ЕРЛЕРІН ЕСКЕРМЕСЕ...

Көктемнің алғашқы күні университетімізде «Іляистану» ғылыми-практикалық орталығы және филология мамандығының 2 курс студенттерінің ұйымдастыруымен Іляс Жансүгіровті еске алу кеші өтті.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерді» атты шараның шымылдығын Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты Қадыр Рысбеков түрді.

Жырдың жүйрік құлагерін еске алу, шығармашылық мұрасын жастарға үлгі ету, өлеңінен өнеге алу - біздің міндетіміз деп, шараның маңыздылығына тоқталды.

– Биыл Іляс Жансүгіровтың ату жасасына кесілгеніне 85 жыл толып отыр. Іляистың тұлғасы бізден алыстаған сайын оның рухани құндылығы жоғарылай түседі. Біртуар ақын – Іляс Жансүгіровтан түйіп аларымыз көп. Ақынның өмір жолына, шығармашылығына көз салсақ кез келген қазақтың жасына үлгі боларлықтай. Оның ақындық шеберлігі шексіз, түйдегімен төгілген жырларының мағынасы терең – деді Қадыр Қойшыбекұлы.

Сондай-ақ, кешке «Іляистану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, профессор Мұратбек Иманғазинов, Жетісу газетінің тілшісі Гүлжан Тұрсын, Іляс Жансүгіров әдеби музейінің директоры Нұргүл Жауынбаева қатысып, ақын жайлы тың деректер, әсерлі естеліктер айтты. Шара Бүркеева «Тамшыбұлақ», халық әні атанып кеткен Іляс Жансүгіровтың «Шилі өзен қамыс-ай» әндерімен кештің көркін кіргізді.

Дүлдүл ақынның «Замандасқа», «Бұлақ бойында», «Саналы жастарға», «Арыным» сияқты өткір өлеңдері оқылды. Жетісулық жыр дүлдүлінің «Құлагер» поэмасының басқа тілдерге аудару мәселесі де осы жиында сөз болды.

Әдеби кеште білімгерлер ақын жайлы тың мағлұмат естіп, білімдерін, толықтырып, шалқар шабыт, рухани азық алып, риясыз әсерге бөленіп қайтты.

**Салтанат НҰРБОЛАТ,**
**ЖҚ-412 топ студенті.**

# ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ ТҮЗДЕ МЕ?



Қазақ қызын жаман атқа қимаймын. Десе де кейбір қаракөздеріміздің қылығы қынжылтады. Қыз - ұлтымыздың ар-намысын биік ұстайтын болашақ ана. Шаңырақтың шамын жағып, түтінін түтетуші. Сондықтан ол қылығымен сүйкімді, ісі үлгі тұтарлықтай болуы керек. Көпке топырақ шашпасақ та, қазір кей қыздардың өзім білемге салып, жүгенсіз кеткендерін көріп жүрміз.

«Тикток» әлеуметтік желісінде оғаш қылық танытып, жұлқына билеген замандастырыма қарап ұяламын. Бойжеткендердің әлеуметтік желіге жартылай жалаңаш суреттерін ашық жүктеу қалыпты жағдайға айналды. Сондықтан қазіргі жігіттердің санасында «жақсы қыз» жоқ деген ұғым қалыптасуда. «Тәрбие тал бесіктен» деп бабаларымыз айтып кеткен сөзі бүгінде ұмыт бола бастағандай. Біз қызға қырық үйден тыйым салып, жүріс-тұрысын қадағалаған ұлтпыз. Кез келген ата-ана қызын жақсы адам болса екен деп армандайды. Бірақ, оны санаға түйіп жатқан жасөспірімдер некен-саяқ.

Әлеуметтік желіде қыздар төбелесіпті деген жаңалықтарды да көріп жүрміз. Қазіргі таңда жастар арасында әлімжеттік көрсету, ұялы телефондарын тартып алу, болмаса ақша бопсалау үйреншікті әдетке айналып барады. Сөзімізге дәлел жақында ғана Талдықорған қаласында орын алған қыздар төбелесі. Қоғамды дүр сілкіндірген бейнежазбада үш қыз бір қызды жабылып соққыға жыққан болатын. Жетісу облыстық полиция департаментінің дерегіне сүйенсек, оқушыны аяусыз тепкіге жыққан қаракөздер кәмелеттік жасқа да толмаған қыздар болып шықты. Таяқтың екі ұшы болады демекші қоғамда бұл жағдайға байланысты сан түрлі көзқарас туындауда. Қыздардың жат қылықтары қоғамда қызу талқыға түсті. Біреулер отбасындағы тәрбиенің таяздығынан көрсе, енді біреулер араласатын ортасы дұрыс емес дейді. «Бірі мектеп жасындағы қыздардың тәрбие мәселесін мықтап қолға алу керек десе, бірі ішкі істер органы бұндай жағдай қайталанбас үшін бұзақы қыздарды қатаң жазалау керек» - деп жазып жатты.

Қалай десек те, еліміздің болашағы бүгінгі жастардың қолында. Бүгінгі бойжеткен ертеңгі ұлт ұяты, ұлдарымыз ел қорғаны болсын десек тәрбиені бесіктен бастаған жөн.

**Аяужан САМАТҚЫЗЫ,**
**ЖҚ-411 топ студенті.**

ҰЛТ АЙНАСЫ

# ҰМЫТ БОЛА БАСТАҒАН 6 САЛТ-ДӘСТҮР



**ДӘСТҮР – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ. СОДАН ДА БОЛАР, ХАЛҚЫМЫЗ ЕЖЕЛДЕН САЛТ-ДӘСТҮРІН БЕРІК ҰСТАНЫП, ЫРЫМ-ТЫЙЫМ МЕН ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫЛАРДЫ ЖЕТІК БІЛГЕН, КӘДЕСІНЕ ЖАРАТҚАН. ӘЙТСЕ ДЕ БҮГІНДЕ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА КЕЙБІР САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІМІЗ БЕН ӘДЕТ-ҒҰРПЫМЫЗ ҰМЫТ БОЛЫП БАРАДЫ. ЕЛ ӨМІРІМЕН БІТЕ ҚАЙНАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН САЛТ-ЖОРАЛҒЫЛАРЫМЫЗДЫ ИГІ МАҚСАТТАРДА ҚОЛДАНУ, ҰМЫТ ҚАЛҒАНДАРЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ, ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ДӘРІПТЕУ – ӘРБІР ҚАЗАҚТЫҢ ПАРЫЗЫ. ОСЫ РЕТТЕ TURKYSTAN.KZ ҰМЫТЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН БІРНЕШЕ САЛТ-ДӘСТҮРДІ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАДЫ.**

**Асату.** Бұл – дәстүрлі ас-тағам мәдениетінде жолы үлкен адамның жасы кішілерге табақтағы еттің сыбағалы мүшесінен дәм таттыру арқылы өзінің ілтипатын білдіретін рәсім. Ет жеп болған соң, қонақтың жасы үлкені сый табақтан уысын толтыра ет алып, басқаларға қолымен асатады. Кішілер қалыптасқан әдет бойынша асату рәсімінен бас тартпайды. Етті жеп болған соң «құлдық» деп асатқан адамға алғыс айтады. Ал келіндерге «асатқаным» деп, үлкен табақтан ене-абысындарының бірі сыбағасын береді. Келін жікік ұсынған (асатқан) адамға орнынан тұрып, сәлем салады. Ет желініп болған соң табақтағы еттен қарттар жас балаларға, өзінің атқосшы немесе жолсеріктеріне асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретін болған.

**Босаға майлау.** Жастар шаңырақ көтергенде немесе жаңа үйге кіргенде ағайын-туыстары, жақын-жуықтары келіп жаңа үйдің босағасына май жағады. Бұл осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді. Көктемде бірінші шайқаған майды отбасындағылар ауыз тимей тұрып, есік жақтауын, табалдырықты, киіз үйдің ас-су сақталатын жақ босағасындағы киізді майлау ырымы да бар.

**Аунату.** Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос-жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхтар Әуезов келгенде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

**Ақсарбас атау.** Қауіп-қатерге ұшырағанда «А, Құдайым ондасын! Мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп айтатын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл аймағын шақырып құдайы ас берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы), қызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсарбас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға сойғаны жөн.

**Жылу жинау.** Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй-мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлені, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ортасынан бір адам ұйымдастырады. Бұл жәрдем-жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

**Қазан шегелеу.** Ағайын-туыс немесе әзілқалжыңы жарасқан дос-жарандар бір-бірінің үйіне топтаса барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Үй иесі әзілмен жауап қатып: «Жақсы болды ғой, қазан шегелегіш шебер іздеп отыр едік» деп қонақжайлық танытып, оларға арнап қазан көтереді. «Қазан шегелеу» қыс ортасы ауып, күн ұзарған уақытта басталады.

**Дереккөз С.Кенжеахметұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан алынды.**

# АЛПЫСТЫҢ АСУЫНА ШЫҚҚАН ҰСТАЗ



Педагогика ғылымдарының магистрі жоғары білім беру саласында ұзақ жыл жемісті еңбек еткен Сәуле Дюсембинова Мырзабекқызы алпыстың асқарына шықты. Сәуле Мырзабекқызы 1963 жылы 23 наурызда қазіргі Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылында туған. 1986 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының жаратылыстану-география факультетін бітіріп, 1997 жылға дейін Бақтыбай ауылындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектепте география және биология пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1997-2000 жылдар аралығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің экономика кафедрасында аға зертханашысы қызметін атқарды. Өз ісін жетік меңгерген білікті маман, ғылым магистрі 2000 жылы тарих-география мамандығының ашылуына байланысты тарих кафедрасына ауысып, табаны күректей 23 жыл «география», «география-тарих» білім беру бағдарламалары бойынша дәріс беруде.

Білім мазмұнының жаңартылуына байланысты оқу үрдісінде шағын топтағы жұмыс, пікір сайыс, өзекті оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, ақпараттық-қатынастық, Б.Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы сияқты заманауи белсенді және интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдаланып білімгерлердің өз беттерімен білім алуын ұйымдастырып келеді.

Болашақ география пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін жазғы далалық және кәсіби іс-тәжірибе барысында заманауи сандық карталарды, метеорологиялық приборларды қолданып жергілікті жердің табиғатын, адамдардың шаруашылық әрекетінен қоршаған орта сапасының өзгеруін зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға көңіл бөледі.

География пәнінен дәріс, тәжірибелік сабақтарды жүргізумен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. 2010 жылдан бастап «Шынайы уақыт жүйесінде жұмыс істейтін үш өлшемді виртуалды оқыту құралдарын географияны оқыту үрдісінде пайдаланудың тиімділігін зерттеу» тақырыбында ғылыми-педагогикалық зерттеу жүргізуде. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде жаратылыстану жоғары мектебінің қазіргі IT орталығында «Macromedia Flash» және 3ds max бағдарламаларын пайдаланып, шынайы уақытта жұмыс істейтін үш өлшемді виртуалды приборлар, интербелсенді тақырыптық карталар интербелсенді тапсырмалар жүйесі, бағалау құралдары бар «Физикалық география», «Жалпы жертану», «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» электронды оқулықтарын дайындады. Жоғарыда аталған электронды білім беру ресурстарын «География», «География-Тарих» білім беру бағдардамаларының білімгерлері, орта мектептің география пәні мұғалімдері оқу үрдісінде іс жүзінде пайдалануда.

Сәуле Мырзабекқызының 2 монографиясы, 3 оқу құралы, 4 электронды оқулығы, 80 астам ғылыми мақалалары жарық көрген.

Әріптесімізді адам өмірінің айтулы белесі - 60 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Педагогикалық еңбегіне мол табыс, жанұясына бақыт тілейміз. Шәкірттері еліміздің іргесін қалауға зор үлес қоссын демекпіз.

**Е. ТОҚПАНОВ,**
**Жаратылыстану ғылыми бағыт бойынша БББ оқытушы дәріскері, г.ғ.к.**

● АЙТАРЫМ БАР

# ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ

Кез келген ұлттың болашағы оның ана тілінде. Тілдің иесі – халық. Тіл әлсіз болса, ұлт та әлсіз болады. Тілінен айырылған ел елдігінен айырылады. Зерттеуші ғалымдар «2100 жылға дейін әлемде 3500-дей тіл қолданыстан шығады» деген болжам жасауда. Мәселен, көршілес Ресейдің өзінде жойылуға шақ қалған жүз отыздан астам тіл бар екен. Солардың бірі «Вод» тілі. Вод тілі Ресейдің Ленинград облысының Эстониямен шекаралас Краколье және Лужица ауылында ғана сақталған. Бұл тілде шамамен 6-20 адам ғана сөйлей алады. Бүгінде бұл тілді сақтап қалу үшін түрлі оқулықтар жазылып жатыр. Ал «Керек» тілі Ресейдегі ең жойылып кету қаупі бар тіл. Өйткені Ресейде «Керек» тілін білетін бір адам ғана қалған. Дәл мұндай қайғылы күйді кешпес үшін біздің де тілімізге қамқорлық керек. Әрбір адам өз ана тілін білуге міндетті.

Қазақстанда 13 млн-нан астам, әлемге тарыдай шашылған қандастарды есептегенде 16 млн қазақ бар. Бірақ бұлардың барлығы қазақ тілінің болашағы үшін қызмет етеді деп айту қиын.

Бізде қазақ тілдік орта жоқ дейміз. Қазақ тілді ортаны қалыптастыру үшін қазақ тілінде сөйлеуді өзімізден бастауымыз керек. Мәселен, өзіңіз банкоматтан ақша алғанда қай тілді таңдайсыз? Сіздің ұялы телефоныңызда барлық құрылғылар қай тілде жазылған? Дүкенге барғанда, қоғамдық ортада қай тілде көбірек сөйлейсіз? Әрине, көп жағдайда орыс тілі екені жасырын емес. Біз қай жерде болмасын ана тілімізде сөйлеуден, арланбауымыз керек, қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап етуіміз керек. Сонда ғана сауатты ұрпақ боламыз. Мен сауатты ұрпақ деп, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген жастарды атар едім. Ана тілімізде сөйлеуді, ойлауды, қолдануды өзімізден бастайық.

**Аяужан САМАТҚЫЗЫ,**
**Студент.**

● БІЗДІҢ ТҮЛЕК

# Өнерімен өңірді тәнті еткен




***Кіндік қаның тамған жерде өсіп, білім алып, еңбек ету ол да бір бақыт. Жас та болса бас болып, қаламыздың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып жүрген Жетісу университетінің түлектері аз емес. Солардың бірі – болмысы бөлек, әдемілікке жаны құмар, өнерімен өңірді тәнті еткен Тұрдаш Мадина Маратқызы. Ол Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы 2020» жастар сыйлығының «Үздік студент» номинациясы бойынша лауреаты, Қазақстанның алтын жастары сыйлығының ЖОО-ның «Үздік студенті 2020» номинациясы бойынша лауреаты, «Талдықорған аруы» сұлулық байқауының жеңімпазы. Қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларда өзіндік үнімен көзге түсіп, бірқатар концерттер тізгінін ұстап жүрген жүргізуші.***

**– Мадина өзіңіз түлеп ұшқан Жетісу университеті жайлы не айтасыз?**

– 2017 жылы мектепті тәмамдап өмірімнің ерекше сәттері өткен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне аяқ бастым. Алғашында бәрі таңсық, өзгеше, қорқынышты көрінді. Дегенмен жылы жүзді, кәсіби ұстаздар мен әрдайым бағыт-бағдар беріп, әр бастамам мен ұмтылысыма қолдау көрсеткен университет басшылығының арқасында білімге деген құштарлығым ашыла түсті. Біздің университет біз үшін, түлектер үшін сарқылмас, баға жетпес, құнды қазына секілді. Неге десеңіздер, осы бір ғылымның, мүмкіндіктердің ордасынан білім нәрімен сусындап, өз мамандығының білікті иесі болып, атақ-даңқы асқақтағандар қаншама?!

**– Осы жетістіктерге жету үшін қандай ұстанымдарды өміріңізде қолданасыз?**

– Ең алдымен мені алға қарай жетелейтін ол ата-анамның үкілеген үміті, жақындарымның, бойыма жақсы қасиеттерді сіңірген ұстаздарымның сенімі. Қандай жағдай болса да, қиындықтарға мойынсынбай, алға қойған мақсатың үшін аянбай еңбек ету менің өмірлік ұстанымдарымның бірі.

**– Университет қабырғасында білім алғанда сіздің жүргізушілік қабілетіңізді байқап, дамытуға үлес қосқан жандар болды ма?**

– 2018 жылы «ЖМУ аруы» байқауының жеңімпазы атанғаннан кейін сахнаға деген ерекше құштарлығым бар екенін сездім. Оны байқаған ұстаздарым да болды. Маған жан-жақты көмектесіп, қолдап, бағыт-бағдар беріп отырды. Солайша университетті тәмамдағанша университетішілік барлық іс-шараларды жүргіздім.

**– Сіздің түсінігіңізде «әдемі ару» сөзінің мағынасы қандай және қаламыздың ең сұлу аруы болғанда қандай сезімде болдыңыз?**

– Қыздардың барлығы әдемі. Әдемі қыз десе көп адамдар бет-әлпеті мен дене бітімі мінсіз аруды елестетеді. Менің ойымша, нағыз ару білімді, мейірімді, ішкі жан дүниесі бай, толерантты, адамгершілігі мен жауапкершілігі мол, өзінің жеке ойы бар қыз. Ішкі жан дүниесі әдемі қыз қалайша сұлу болмасқа?!

**– Жетісу университетінде оқып жатқан студенттерге, жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?**

– Бүгінгі күннің жастары өз ойы бар, тәуелсіз, білімді, жан-жақты. Студенттік шақ ол өмірдегі ең бақытты, қайтып келмес, қызыққа толы шақ. Осы бір кезеңде өзіңе деген сенімділікпен нық қадамдар басу, жетістікке жетелейді. Біздің университет талай жастың жүрегінен ерекше орын алған өңіріміздегі киелі қара шаңырақ. Таңдаған мамандығыңыздың мықты маманы болу өз қолыңызда екенін естен шығармаңыздар! Жетісудың төріндегі «Жетісу университеті» біз үшін ыстық ұя. Жыл сайын құшағына мыңдаған білімгерді сыйғызатын университет рухани құндылықтарды қастерлеп, патриот, көшбасшы бола білетін мамандарды шығара берсін!

**– Мадина, қыз баланың бойынан көргіңіз келетін үш құнды қасиет?**

– Нәзіктік, ақыл, сабырлық. Нәзіктік-қыз баласын ерекшелейтін, жан сұлулығын көрсететін қасиет. Ақыл-парасаттылығыңыздың өлшемі, ал сабырлық-төзімділігіңіздің бірден-бір белгісі. Осы атап өткен қасиеттер әр нәзік жандылардың бойынан табылуы тиіс деп есептеймін.

**– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға қуаныштымыз! Асқақ армандарыңыз бен мақсатыңызға жетуіңізге тілектеспіз!**

**Сұхбаттасқан Арайлым МҰХИТҚЫЗЫ, Айым БЕКБОЛ,**
**Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, ЖК-111 топ студенттері.**

# ҰЛТТЫҚ КИІМ ӨНДІРІСІ – ИДЕОЛОГИЯ

*ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ*



**Есболат АЙДАБОСЫН, «Жетісу» радиосының директоры, жазушы:**

– Ұлттық киім қазір екі жерде киіледі. Бірі – сахнада, бишілер мен әншілер киеді. Екіншісі – сіз айтып отырған мерекеде, яғни жалпы жұрт киеді. Наурыз тойында көшеден кимешек киген әжелерді, шапан, бөрік киіп жүрген ер азаматтарды көп көреміз. Қалған күндері бұл киімдер сандықта жатады. Ол рас. Бірақ осы мәселе ме? Менің ше мәселе емес. Өйткені кейбір ұлттық киімдер бүгінгі заман талабына сай емес. Қазір қоғам басқа, адам басқа, тұрмыс-тіршілік басқа. Өзіңіз қос етек, бүрмелі көйлекпен көшеде жүріп көріңізші, автобусқа мініңізші, қандай ыңғайсыздыққа душар болар едіңіз. Бұл киімді бүгінгінің қыздарына күнделікті өмірде кигізе алмаспыз, ол анық нәрсе. Оңтүстік өңірдің халқына түлкі тұмақ, қасқыр ішікті де зорлап кигізе алмаймыз. Өйткені ат үстінде жүрген жоқ, енді оларды тек сахнадан, мереке-мейрамдардан көргеніміз көрген. Сондықтан мәселені басқа қырынан қою керек. Ол қалай болу керек? Меніңше алдымен ұлттық киімдерді бүгінгі күнге икемдеп, соның өндірісін ұлғайту керек.

**– Ал олай болса ұлттық киімдерді бүгінгі күнге қалай икемдейміз?**

– Қазір бұл іс басталып кеткен. Басталғанына біраз болды. Отандық дизайнерлер, киім өндірушілер бұл бағытта жұмыс істеп те жатыр. Ұлттық нақышы бар киім өндірісі ептеп еңсесін тіктеп келеді. Бірақ біз киіп жатырмыз ба? Сырт киімді жалпылама түрде үшке бөлеміз ғой. Бірінші бас киім, екіншісі дене киімі (костюм шалбар, жейде, тон, пальто), ал үшіншісі аяқ киім. Енді үстімізге қарайық, осы үшеуінен не киіп жүрміз? Ұлттық сипаттағы киімнен не бар үстімізде? Ауызды қу шөппен сүрткеніміз болмас, бірден-екіден әрбіріміздe киімдер бар шығар. Мысалы менде қазақы ою салынған желетки мен тақия бар. Біреуде етік болуы мүмкін, біреуде шапан... Бірақ бұл аз, гардеробымыздың кемі 30 пайызы ұлттық нақышы бар киімнен тұрса мұны жалпыхалықтық сипат алды деп айтуға болады. Мұндай күнге жетсек оның идеологиялық жемісі өз алдына экономикалық жеңісі де болады.

**– Жалпы халықтың ұлттық киімді кимей жатуының бір себебі бағасында деп ойламайсыз ба? Ұлттық бұйымдар, қол өнер түрлері, киіз үй, отандық ұлттық киімдер неге қымбат?**

– Сөзіңіздің жаны бар. Ол да мүмкін. Қымбат екені рас. Мен осының себебін ұлттық киім өндірісінің әлі де дұрыс дамымай жатқанынан ба деп ойлаймын. Өйткені бізде ұлттық нақыштағы киім түгіл, басқа киімдерді тігетін ірі фабрикалар жоқ. Жеңіл өнеркәсіп жағынан басқаны айтпағанда өзбек пен қырғыз бізден озып кеткен. Ал ұлттық нақыштағы киім өндірісімен жекелеген дизайнерлер, шағын цехтар ғана айналысады. Олардың кейбірі тапсырыспен жұмыс істейді, кейбірі интернет арқылы, сауда кешендерінде дүкендерін ашып сатып жатыр. Бәрібір өнім көлемі аз. Өнім көлемі аз болған сайын тауардың құны артады. Сондықтан қарапайым халықтың қолы жетімсіз.

**– Енді не істеу керек?**

– Мемлекет қолға алу керек. Ұлттық киім өндірісі деген ол тұнып тұрған идеология. Қайбір жылы Түркіменстанда Азиада ойындары өтті. Сол кезде ел әкіметі автобус пен такси шопырларына дейін тақия кигізіп тастады. Ал оқушылар үшін ол елде тақия деген мектеп формасының бір бөлшегі. Тақиясыз сабаққа кіргізбейді. Өзбектер де ала тақиясын әлі тастаған жоқ, қырғыздар айыр қалпағына ұлттық құндылық деген статус берді. Ол елде біраз жылдан бері «Ақ қалпақ» деген мереке тойланады. Жеті-сегіз жыл бұрын сол мейрамда қырғыз студенттері 2,7 метрлік айыр қалпақ тігіп, сонысын Гиннестің рекордтар кітабына әлемдегі ең үлкен қалпақ ретінде енгізіп тастады. Ал біз не істедік? Біз басымыздағы қазақы тақияны 20-ғасырдың босағасына шешіп қалдырып кеттік. Біз тақияға діни сипат беріп тастадық. Тақияны қазір молдалар мен мешіт қызметкерлері ғана киеді, мектепке тақия киіп келуге тиым салынған. Бұл неткен жетесіздік, менің осыған миым жетпейді.

**– Күнқағары бар кепкалар шыққалы тақиялар күнделікті қолданыстан шеттетілген секілді. Бәлкім заман талабына сай келмеді ме екен?**

– Сол заман, сол жаңалық бізге ғана емес басқаларға да келіп жатыр ғой. Көршілеріміздің бәрі ұлттық бас киімімен жүріп-ақ ештемеден құр қалмады ғой. Ал біз жалаңбаспыз. Не үшін? Кеңес әкіметі тұсында да тақияны шешпедік қой, неге тәуелсіздік ала сала тастадық? Белгілі ғалым Шора Сарыбаев деген кісі болған. Басынан тақиясын тастамай кетті. Бір қызығы, Шора атамыз тақиясын өзі тігіп алады екен. Шора Сарыбаевты бастық қылып та¬ғайындар алдында, басындағы тақиясын тастауды сұрапты. Бірақ ол кісі көнбеген дейді. Қазақтың киім мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан мықты қазақтың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол кісі де үнемі тақия киген. Киіп қоймай, соның насихатшысы болды. Тақия киген адам көрсе, тоқтатып алып қолын алады екен. Тақиясы қазақшаға келіңкіре¬мей¬тіндерді сынап та алған. Әсіресе, айтысқа қатысатын ақындардың ұлттық киім киісін өзі қадағалап жүріпті. Айтыста жетпіске келіп қалған бір ақын апамыздың қос етек көйлек киіп жүргенін көріп қалып: «Он сегіз жасар қыздар киетін көйлекті киіп, жетпіске келген қария-ау, сізге не болды?» депті. Сөйтіп, өзі бас болып ақын¬дардың киімін ұсынған шеберлерге ұлттық киімнің қалай тігілетінін көрсетіп берген екен. Бізге бүгінде бір Өзбекәлі жетіспей тұрған секілді.

**– Осы былтырлары жас қыздар арасында тақия кию трендке айналған еді. Сол қазір басылып қалғандай...**

– Соны өзіңнен сұрағым келеді. Неге наурыз мерекесі қарсаңында ЖУ студенттері осындай бір игі істі қайта жалғап жібермейді. Әкіметке, басқаға қарап отыра бермеу керек, жастардың өздері кейбір бастамалардың басында жүрсе қанекей. Осындай үрдістер белен алып, көбейсе бара-бара ұлттық брендтеріміз трендке айналады. Дегенмен науқандық шаруа болып қалмау керек. Сапасы қадағалану керек. Тақия қазір базарларда жоқ емес, толып тұр. Бірақ дені сапасыз. Тойбастарға салынады. Алайда сол тақияларды тойға киіп бара алмайсың. Осы жағын да ескеру керек. Тақия деген баскиімнің керемет түрі ғой. Тек соған дұрыс көңіл аудармай жүрміз.



**Күлтай ҚОНЫСБАЙ, «Қонысбай» әйелдер орталығының жетекшісі:**

Ұлттық киімнің заманауи қазақы брендін қалыптастыра білдік деп айта аламын. Неге десеңіз, бұрындары сіз айтқандай тек Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесінде ғана киетінбіз. Қазір ұлттық нақыштағы киімдерді күнделікті тұрмыста киетін қызкеліншектер көп. Мен танитын қанша қыздар мемлекеттік қызметші болсын, жеке кәсіпкер болсын жейделерінің сыртынан не болмаса көйлектерімен үйлестіріп әдемі қазақы камзолдарын киіп жүр. Жыл сайын қазақ аруларының киімге деген талғамы өзгеріп келеді. Қазақы дүниелерді заман талабына сай икемдеп күнделікті өмірде киюді әдетке айналдырып жүр. Тек камзол, шапанмен тоқталмай, қазір сырт киімдер де шыға бастады. Ұлттық үлгідегі пальтоның түр-түрі бар. Оюмен кестеленген, ерекше принттегі киімдер қазір сәнде. Киім-кешектен бөлек ұлттық әшекейлер, әдемі орамалдар, кимешектер, бас киімнің өзін қазіргі заманға лайықтап жүргендер көп. Сондықтан бұл сұраққа мен керісінше жауап берер едім. Жаңа стиль, жаңа заманауи көзқарас, Жаңа Қазақстан.

Нарықта қазір барлығы бар. Ол үшін нарықты білу керек. Ұлттық киімді дәріптейтін отандық дизайнерлеріміз қазір өте көп. Қымбаты, орташасы, арзаны бар. Қай түрін таңдағыңыз келеді, өз еркіңізде. Менің гардеробымда да дәл солай. Барлығы қымбат емес. Әрине жүз мыңдап сататын киімдер бар, неге десеңіздер, матаны Италиядан әкеледі, не т. б. елден алдырады. Жұмысы бар, дизайнерлері бар, модельдері бар, арендасы бар, жарнамасы бар дегендей.

Мәселен, отандық дизайнер Жанат Бақыттың камзолдары 8-10 мың теңгеден басталады. Аңсаған Мұстафаның заманауи киімдері қандай, футболкаларының өзі қазақы нақышта. Айта берсек қазақы бренд қалыптастырып жүргендер көп. Енді жаңадан бастаған тігіншілерге де тапсырыс беруге болады. Қазір кез-келген қалада тігінші көп. Өзіміздің Талдықорған қаласын алайық, кішкентай ғана қаламызда ұлттық киімдерді тігетін шебер қыздарымыз бар. Тек қолдау керек. Иә Қытайда, Бішкекте және өзімізде де бар екенін ұмытпау керек. Кез-келген өзгерісті өзімізден бастайық.

Еліміз шығармайды,
еліміз тікпейді,
қымбат, арзан дегенше, арзан бастап, жұмысын деңгелетіп жүрген жандарды қолдайық. Біз қолдаған сайын басқа да жандардың ұлттық киімге деген қызығушылығы артады. Ең әдемі киім - ұлтыңның киімі екені ұмытпау керек.

Әрине Ұлттық бренд қалыптастыруда олқылақтар бар. Көш жүре түзеледі, ең бастысы жаңа бастап жатқан жоқпыз, дамып жатыр. Тек ары қарай дамыта беруіміз керек. Әрекет ету керекпіз, ал әрекет түбі берекет.



**Жұмабала БАЛАҚАРАНОВА, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Көксу ауданының құрметті азаматы. Қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі.**

Қазақ ежелден мерекеге барын киіп, бақанын іліп шыққан ғой. Ең құрметті, ең жақсы, ең көрікті киімдерін тойға жинаған. Сондықтан ұлттық киімдерді тойда киюдің еш оғаштығы жоқ. Ал енді күнделікті тұрмыста кию мысалы, офисте қызмет ететіндер үшін ұзын етек көйлек, камзол, басымызға бөркімізді немесе күндігімізді байлап отырғанымыз келіспейді. Сондықтан ұлттық киімнің өзінің қасиеті - тойдың киімі, мерекелік киім. Ежелден сал-серілер тойжиынға неше түлі саптама етік әдемі шапандарын, құндыз бөріктерін сақтап қойып киген ғой. Өйткені біздің елімізде ештеңе өндірілмейді. Матаны, барлық тігін құралын, жібін дейін, моншақ әшекейлерін барлығын сырттан алып келеді. Мен өзім дүкендерге барған уақытта өте әдемі, тамаша киімдерді көріп таң қаламын. Көздің жауын алатын киімдердің барлығын алғын келеді. Үлкен кісі болсақ та әдемі нәрсеге еліктейсің. Жастар тіпті қызығады. Сондықтан ұлттық киім қашанда ұлықталады.

**Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# Қадірлі оқырман!

***Газетіміздің өткен санында өздеріңізге «Мен оқыған бір кітап» айдарын ұсынған едік. Содан бері редакциямызға кітапқұмар студенттерден толассыз хаттар келуде. Әсіресе, филология факультетінің студенттері белсенділік танытып, өз мамандықтарына деген сүйіспеншіліктерін көрсетуде. Жастардың қадамы құтты, қаламы қарымды болсын деген ниетпен барлығын газет бетіне ретімен жариялауды жөн көрдік. Себебі, кітапты оқу бір бөлек те, одан алған әсерді көпшілікпен бөлісу батыл қадам.***

# Бір кітап – бір биік шың



Ішкі жан дүниеммен оқыған бір кітап мен үшін бір биік шың секілді. Ең алғаш Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» повесі сияқты шығармаларын оқығанмын. «Абай жолы» роман-эпопеясымен оқушы кезімізде таныстым. Мен үшін өте ауыр, күрделі кітап болды. Эпопеядан Абайды, оның өмірін біле алдым. Жан толғандырарлықтай еді. Бұл менің ден қойып оқыған алғашқы кітабым. Көп уақыттан кейін тағы бір кітапты оқуға қызығушылығым артты. Ғаламтор желісінен «Қорғансыздың күні» деген әңгімені оқып, авторы Мұхтар Әуезов екенін білдім. Бір жазушының екі кітаптағы туындысы бір ой саларлықтай. Оқып жатып, неліктен екі кітаптың да түпкі мазмұны соншалықты ауыр, шындықты айқын көрсетіп, адамның ішкі жан дүниесін толқытып әкетеді деп ойладым. Адам өмірі соншалықты қиындыққа, сан түрлі шытырманға толы ма? Неге жазықсыз жандар жапа шегеді?

«Қорғансыздың күні» - жүрегімді елжіреткен, ішімдегі аяушылық сезімін оятқан, өмірде сұм жандардың бейнесін ашып көрсеткен шығарма. Мен әлі күнге дейін атауын естісем жүрегім аузыма тығылардай халге жетемін.

Бұл роман-эпопея жүрдім-бардым оқитын кітап емес екенін де ескертер едім. Кітапты бар жан дүниеңмен бірге оқуың керек. Ішкі толғаныспен оқысаң, сен дәл сол кітаптың ішіндегі әрбір жайттарды көз алдыңда бейнелейсің.

Ұлы шығармада бір ой қалдырған тұсы-Абайдың жас күнінен білімге, оқуға құштар бала болғаны. Әкесі Құнанбайдың арнайы медресеге оқуға жіберіп, хат тануға жастайынан машықтырғаны. Алыс жолдан сағынышпен ауылына қайтқан бала Абайдың бірден анасының етегіне жабыса сағынышын басқаны, сондағы анасы Ұлжанның бала Абайдың бірінші әкесіне амандасуын меңзеп, жол көрсеткені үлкен тәрбие деп білемін. Сол сәтте бала Абай мен әкенің арасында сызат оты түскендей еді. Болыс басы болған әке жүрегі баласын бауырына басып, сағынышын білдіргісі келгені еді. Алайда, суық жүзі, қатулы қабағы, мізбақпас мінезі сол сағынышты басып қалғандай.

Менің есімде қалған тағы бір тұстарының бірі – Құнанбай мен Абай арасындағы диалог.

«Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда!

- Айтыңыз, әке!

- Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішіңде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің!-деді.

Әкесінің не айтарын ұққан Абай, іркілмей әкесіне өз пікірін жеткізді.

-Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтамын, әке. Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралсыз, кәрі-жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз,ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы «айт» десе өргізіп, «шайт» десе жусататын болған. Бертін келе, ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып, «шөк» десең, аңырып барып қана бұрылады. Ал, қазір ел бұрынғы нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады. Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма?... Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас...», – деді.

Мен шығарманың ең өзекті деген тұстарын барынша жеткізіп жазғым келді. Осы роман-эпопеясында тек Абайға емес, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, өмірлік мәні бар әрбір жайттарды ашық, шынайы жеткізгені, тұспа-тұс баяндауы, ақиқат пен өтірікті, өмірдің тек жеңіл жолдан тұрмайтынын түсіне алған - Мұхтар Әуезовке тәнтімін.

**Маржан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,**
**ФҚ-211топ студенті.**



# Сүбелі туынды, сырбаз дүние

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар!

Бұл өлең жолдарын естігенде, менің ойыма ең бірінші Абай емес, Әзілхан Нұршайықов оралады. Әлем әдебиетінде өшпес із қалдырып, «мәңгілік махаббат» тақырыбына айналған Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасы көпшіліктің жүрегінен ерекше орын алған туынды. Кезінде қалың оқырманның сүйіктісі болған кітап бүгінгі таңда да жастардың жанын тербеуде. Мен жалпы адам баласына тән кіршіксіз, мөлдір сезімді өзек еткен туындыны талқылауым жайдан-жай емес. Себебі сол жастарың арасында мен де бармын. Мен бұл кітапты алғаш мектеп кезінде оқығанмын. Кітапты қолға алысымен, ол мені бірден баурап алды. Мені сол жердегі кейіпкерлердің бірі қылды. Романдағы 33-аудиторяда мен де болдым. Сол жатахананың 62-бөлмесін, қызыл көрпе жамылып жатқан Меңтайды өз көзіммен көрдім. Мұндай сәттерді, оқиғаларды әрбір оқырман көріп, бақылағаны сөзсіз. Мен бұған сенімдімін. Өйткені, бұл жазушының жазу шеберлігінің, сөз саптауының айырықша көрінісі. Бұл шығарманы көз алдыңа елестетпей, ерекше сезімді бастан кешірмей оқу мүмкін емес.

Мен алдымен бұл кітап жайында емес, осындай ерекше туындыны өмірге алып келген жазушы жайлы сөз қозғағым келіп тұр. Кез келген шығарманың бұлай оқырманның жүрегінен орын алуы екіталай. Керемет туынды шығару үшін асқан шеберлік пен сарқылмас күш жігер керек. Бұрын-сонды Әзілхан Нұршайықов деген жазушының бар екенін де білмеппін. Алайда, «Махаббат қызық мол жылдарды» оқығаннан кейін бұл жазушыға деген қызығушылығым артты. «Осындай туындыны жазған қандай жазушы?! Бұл қандай шеберлік!?» деп ойладым. Бірден жазушы жайлы іздестірдім. Ақпаратқа қол жетімді заманда бұл қиынға соқпады. Жазушы туралы оқып отырып, осындай даңқты тұлғаны білмегеніме қатты ұялдым. Ұлы отан соғысының ардагері, жазушы атамыз-артына өшпес із қалдырған дара тұлға екен. Мен осынау бір шығарманың авторы Ұлы Отан соғысының ардагері дегенді мүлдем ойламадым. Бұны білген сәтте романның бас кейіпкері Ербол Әзілхан Нұршайықовтың өмірдегі прототипі екенін түсіндім. Себебі, Ербол соғыстан оралған жазушы жауынгер еді...

Үнемі қалың оқтың арасында, өзі секілді жауынгерлермен бірге бірнеше жылын өткізген Ерболдың, соғыстан аман-есен орала салысымен бірден топырлаған отыз қыздың арасына түсе қалған сәттегі күйін елестеттім. Жас жауынгердің көзіне отыз қыз да періште сияқты сұлу көрінеді. Өзін 33-аудиторияда емес пейіште жүргендей сезінеді. Сен оны қайдан білесің дерсіз. Басында айтқанымдай мен сол аудиторияда болдым. Сол отыз қыздың ішінде менде бар едім. Қаншама жыл бойы ауыр автомат ұстаған қолдың қалам ұстауға қауқары болмай, дірілдегенін де көрдім. Маған мұны көрсеткен жазушының шеберлігі еді.

Сол отыз қыздың арасында Ерболдың көзіне оттай басылғаны Меңтай. Ерболдың Меңтайға деген сезімін, көзқарасын айтып, жазуға менің тіл байлығым жетпесі анық. Ақын жанды жауынгердің Меңтайға деген ғашықтық өлеңі әрбір оқырманның санасында жатталып қалғаны сөзсіз. «...Ақ етіне қызыл көрпе басылып,...». Қызыл көрпе... . Сол қызыл көрпе шығарманың басты арқауы сияқты. Онсыз шығарма маған тұзсыз тамақ сияқты сезіледі. Осы қызыл көрпенің иесі Меңтай көп қыздарға үлгі боларлықтай жан. Меңтайдың бойындағы әрбір қасиет, кез келген қыздың бойынан табыла бермейді. Ақылына сай сұлулығы, сыпайы сөзі, сабырлы мінезі, кіршіксіз таза жүрегі, мөлдір сезімі, пәк көңілі кез келген оқырманды баурап алады. Ерболды да өзіне ғашық еткен де осы қасиеттері еді. Ерболдың да бойында ер азаматқа тән досқа адалдық, аққөңілділік, сыпайылылық және ең бастысы қызға деген ізеттілік бар.

Шығармада махаббат жайлы мынадай бір жолдар кездеседі: «Махаббатты өзенге емес, көлге емес, тек қана теңізге теңестіруге болады. Теңіз сияқты бетінде тулаған толқындар жүреді,түбінде ғажайып сырлы тереңдік жатады. Адамның соқыр сезімінен туған сусыма жүрек толқынға ұқсас, шын санадан, шыққан жан тебірентер жақсы мұрат, асыл арман тізбегі махаббаттың тереңдігін танытады. «Бір көргеннен ғашық болу» деген сөз сол толқын іспеттес, ол тән құмарлығынан туған жалт етпе сезім ғана. Алғашқы лап еткен сәтте оның көрінуі де ықтимал. Бірақ бұған қарап таңдануға болмайды. Тән құмарлығы алдамшы, өткінші, тұрақсыз сезім. Онда шынайы махаббатқа лайық тереңдік жоқ. «Бір көргеннен ғашық болдым» дегеннің өзі-ақ сол сезімнің таяздығын танытады, көре сала соны құшуға құмартқан жүгенсіз, ұшқыр тілекті көрсетеді. Теңізді бірінші рет көрген адам оның суының ащы немесе тұщы екенін, астында не барын білмейді. Мұны теңізе түсіп көріп, түбіне талай сүнгіген адам адам ғана айта алады. Сол сияқты бір көргеннен адамның бойындағы барлық адамгершілік қасиетін аңғаруға болмайды». Осындай келелі ой, тұшымды, әсерлі сөз қалай ғана жүрегіңді дір еткізбейді! Мұндай сөздер санаңды бірден жаулап алары сөзсіз. Бұл да автордың сөз саптауының ерекше көрінісі мен даналылығының дәлелі.




**Гүлдәрия НҰРСЕРІК,**
**ФҚ-211 топ студенті.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ САҒАНАҒЫ

*«Сағанақ» атауының символикалық мәні бар. Киіз үйдің керегесін құрайтын әрбір ағашты «желі» дейді. Желінің ең ұзын керегесін «ерісі», одан қысқалауын «балашық», ал ең қысқасын «сағанақ» деп атайды.*



Іляс Жансүгіров - күрмеуі мол күрделі кезеңде ғұмыр кешкен, заманның шытырманға толы шындығын талғамның таразысына салып, санасының тезімен саралауға ұмтылған, сол сапарда «соқтықпалы, соқпақсыз» жолдан өткен, жұртының алдындағы батпандай ауыр міндеттерді азаматтық парасатымен сезініп, осы жолда өмірін қиған ұлттық тұлға. Шығармаларының біразы тоталитарлық жүйе қыспағында социалистік идеология талабына орай жазылғандықтан, олардың халықтық мәні мен мазмұны, шынайы поэтикалық бояуы, философиялық астары әлі де болса өз дәрежесінде зерттелген жоқ. Бұл Іляистану мәселелерінің түбегейлі шешілмегендігін білдіреді.

Кеңес дәуірінде тоталитарлық жүйе жазықсыз жандарды қолдан жау жасаған қитұрқы саясатын әшкерлетпес үшін зерттеушілерді мұрағаттарда жұмыс істеу мүмкіндігінен айырды. Соның нәтижесінде Іляс туындылары мұрағат материалдарымен салыстырылып, зерттелмей, уақыт мәжбүрлеген өңдеу-талдаудан өтпей, социализм идеологиясы талабына лайықталып, бұрмаланған қалпында оқырманға ұсынылды.

І. Жансүгіровтың шығармашылық өмірбаяны, өнерпаздық кескін-келбеті, ақынның бай қолжазба қоры, абақтыда өткен азапты күндері төңірегінде терең талданған еңбектердің қажеттілігін заманның өзі талап етіп отыр. Оның шығармашылық зертханасы да жұмбақ күйінде. Шығармалары бірнеше рет жарық көргенімен, академиялық деңгейге көтеріле алмады. Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар ақыннан қалған мұраларды қалың жұртшылыққа жеткізу, насихаттауды мақсат етті. Шығармаларының ұлттық мәні мен мазмұны, шынайы поэтикалық бояуы, философиялық астары әлі де болса, өз дәрежесінде зерттелген жоқ. Кеңес дәуіріндегі Іляс Жансүгіров шығармашылығы жайлы жазылған зерттеулерде күмәнді, дүдәмәл тұстар да баршылық.

2019 жылы орталық ғалымдарының ерен еңбегі арқасында Іляс Жансүгіровтың 20 томдық шығармалар жинағы жарық көріп, бүкіл республикаға, сонымен қатар, алыс-жақын шетелге таратылды. Атап айтсақ, «Сағанақ» (1928), «Жанқа» (1929), «Жаңа жыр» (1930), «Күй» (1935) және 2 томдық жинағында (1933) жарияланып, кеңес заманында назардан тыс қалған 28 өлеңін қосып, академиялық өлеңдер жинағы, «Құлагер» поэмасы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жеке жинақ ретінде, бұрын арнайы жинақталып, жарияланбаған аудармалары, бұрын баспа бетін көрмеген мақалалары мен күнделіктері, сатира, фельетондары жеке жинақ ретінде жарияланды.

Әдебиеттанушы ғалым, профессор Тұрсын Сыдықов «І. Жансүгіров XXI ғасыр көзімен» атты монографиялық еңбегінде сталиндік репрессияның құрбаны болған Іляс Жансүгіровтың шығармаларына социалистік идеологияның тигізген кері ықпалын XXI ғасыр көзімен қайта қарап, оның өз еркінен тыс халық өмірін қара бояу жаға бейнелеген тұстарын сол уақыттың саясатына қатысытылығын салыстыра зерттеп, ауқымды талдау жасайды. Кезіндегі қисынсыз пікірлерге теориялық тың тұжырымдар мен аксиомалар ұсынған. Еңбектің саяси, эстетикалық, теориялық, философиялық, тарихи тұрғыдан зерделенуі ешкімді бей-жай қалдырмайды. Сонымен қатар, Жетісудан шыққан ақын-жазушылар шығармашылығын Іляс Жансүгіров дәстүрімен байланыстыра зерттеп, «Іляс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» атты монографиясын шығарды.

Профессор М. Иманғазинов талай жылдардан бері мұрағат құжаттарымен жұмыс жасап, Ілиястың ғұмырнамасы, өлімі, ақталуы жайлы жаңа, құнды пікірлер білдіріп, жазушының прозалық туындыларын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп, зерделеп, тынбастан еңбек етіп келеді. Сол ізденістерінің нәтижесі ретінде «Іляс Жансүгіров» атты монографиясын ұсынды. Іляс шығармаларын оқыту мәселесін сөз еткен «Іляс Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы», «Ильясоведения» оқу құралдарын шығарып, студенттер мен филолог мамандардың қажеттіліктерін өтеді.

*Ілиястың тұңғыш өлеңдер жинағының атауы - «Сағанақ» (1928).*

Іляс Жансүгіров шығармашылығын зерттеуге арнаған «Ілиястың рухани әлемі» атты монографиямда қаламгердің әр түрлі деректермен айтылып, жазылып жүрген шығармашылық өмір жолын бір жүйеге түсіріп, жаңа, тың деректермен толықтырдым. Ақынның лирикалық, эпикалық туындыларын жаңаша көзқарас тұрғысынан талдап, зерттеп, жарияланбай, айтылмай жатқан туындылары жайлы да қамтыдым. Сонымен қатар, Іляс жайлы естеліктердің басын қосып, толықтырып, бұрынғы материалдарды бір желіге түсіріп, естелік иелерінің деректерін нақтылап, ғылыми тұрғыда бағалап, орнын, ретін белгілеп, «Аңызға бергісіз ғұмыр» атты естеліктер жинағын құрастырып, шығардым. Келесі «Дария кеуде, тау мүсін», «Іляс тағылымы», «Ілиястану ілімдері» атты мақалалар жинақтарымда ақын шығармашылығы жайлы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар жүйеленіп, ғылыми түзілімнен өткізіліп, хронологиялық жағынан топтастырылып, ұсынылды. Кезең-кезеңді қамтитын мақалалар тізбегінде Ілиястың ашылмай, айтылмай жатқан шығармашылық тұлғасын, қаламгерлік өсу жолын, ақындық, жазушылық шеберлігін жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта бір бағамдайтын талдаулар бар. Сонымен қатар, шәкірті А. Оразбаевамен бірге Ілиястың Библиографиялық көрсеткішін дайындадық. Мектеп бағдарламасына арнап «Іляс Жансүгіров шығармаларын жаңаша оқыту» атты оқу-әдістемелік құрал дайындады.

Қауымдастырылған профессор Қ.Сарбасова шығарған «І.Жансүгіров тілінің сөздігі» атты монографиялық еңбек екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім ақын, прозаик Іляс Жансүгіров шығармаларының лексикасы, фразеологиялық жүйесі, грамматикалық құрылысы, тілдік бірліктердің көркемдеуіш құрал ретінде қолданылуы қамтылып талданады, шығармаларының лингвистикалық ерекшеліктері сипатталады. Екінші бөлім ақынның «Құлагер» поэмасы тілінің сөздігі» деп аталады.

Филология ғылымдарының кандидаты Г.Сырлыбаева «І.Жансүгіров шығармаларының фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде Іляс Жансүгіров шығармаларындағы қолданылған фразеологизмдер ақынның 2004 жылы шыққан 10 томдық шығармаларының негізінде жинақталып, сөздік ретінде ұсынылып отыр. Бұл сөздікте Іляс Жансүгіровтың өлеңдері, поэмалары, фельетондары, әңгімелері, пьессалары т.б. шығармаларындағы фразеологизмдер жинақталып, контекстегі мағынасы түсіндіріліп, әліпби тәртібімен берілген. Сөздікте мыңға жуық фразеологизм қамтылған.

Бейімбет Майлиннің архивімен жұмыс істеп, талай сүбелі еңбектерді дүниеге әкелген Тоқтар Бейісқұлов ақынның шаң басып жатқан асыл қазыналарын жинап, «Құлагер ақынның қазасы» атты деректе негізделген зерттеуін шығарды.

Қазақстанға танымал журналист Андас Қажет Ілиястың араб қарпіндегі публицистикаларын кирилл жазуына аударып, «Өткен күнде белгі бар» атты еңбегін жариялады.

І.Жансүгіров шығармашылығы жайлы құнды деректер мен мәліметтер ұсынылған ұжымдық еңбек «Іляс Жансүгіров» энциклопедиясының да маңызы зор.

Іляс Жансүгіровтың Талдықорған қаласында орналасқан әдеби музейіндегі экспонаттарды белгілі бір тақырыптарға топтай отырып, сол арқылы Іляс әлеміне бойлауға мүмкіндік жасауды мақсат еткен «Іляс Жансүгіровтың әдеби музейі» атты анықтама кітапта Ілиясқа қатысты мәселелердің бәрі бүге-шігесіне дейін ескеріліп, деректер жүйемен құрастырылған. Музей директоры М. Жауынбаеваның құрастыруымен шыққан анықтама кітап күллі республика тұрғындарының рухани сұранысын өтейтініне сенімдіміз.

Ілиясты зерттеу бағыттары сан алуан. Тек әдеби тұрғыда ғана емес, тарихшы, журналист, абайтанушы, әдебиет зерттеушісі, әдістемеші, ағартушы, өнертанушы, фольклортанушы, этнограф, табиғаттанушы, географ және тағы басқа бағытта зерттеулер жүргізуге болады.

ҚР Мемлекеттік Орталық архивінде Іляс Жансүгіровтың 1984 жылы ғылыми-техникалық өңдеуден өткен 1368 нөмірлі жеке қолжазбалар қорында Ілиястың өз қолымен жазған 12 қойын кітапшалары мен дәптерлері жинақталған. Оның біразы әлі жарық көрмеген. Архивтегі құжаттардың басым бөлігі - қазіргі кезеңге дейін жарық көрген шығармаларының түп дерегі, жазылу жайының күретамыры. Бұл қолжазбалар зерттеу нысаны болып отырған қаламгердің шығармашылығы жайлы жаңа деректер берері сөзсіз. Ташкент, Москва, Қызылорда, Алматы қалаларында жүрген кезде жазған жазбалары, публицистикалық мұралары және сол кездегі мерізімді басылымдарда оның шығармашылығы жайлы жарияланған алғашқы әдеби- сын мақалалар жинақталған.

Іляс замандастары ішінде Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин жайлы «Тамаша адамдар өмірінен» сериясы бойынша кітап шықты. Белгілі әдебиетші-ғалым Т. Кәкішев: «Іляс өміріне қатысты «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша еңбек дайындау қажет, оны шығарудың мезгілі пісіп-жетілді» деген ұсыныс жасаған болатын. Сондықтан бұл мәселе де өз шешімін табу керек. «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен ғылыми-танымдық кітап шығару – негізгі мәселенің бірі. Отбасы, туған ортасы, айналасы, мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі орнын белгілейтін фотоальбомын дайындап, жалпы оқырман қауымға ұсынсақ та құба-құп болар еді.

І.Жансүгіров – жер жәннаты Жетісудың перзенті. Ақын өлеңдерінде көз жауын алатын туған жер табиғаты асқан шеберлікпен кестеленген. *«Эстетикалық таным және ақындық шеберлік»* атты фотосуреттер мен оның мазмұнын ашатын үзінділерінен тұратын көркемдік-танымдық кітап шығарылатын болса, әсіресе, мектеп жасындағы балалардың қажеттілігін өтейтіндігіне сенімдіміз. «Абай», «Шәкәрім», «Мұқағали» атты республикалық журналдардың ізімен «ІЛИЯС» журналын ашып, көпшілікке ұсынсақ, оңды іс болар еді.

Іляс Жансүгіровтың шығармашылығы жайлы әр жылдары жазылған зерттеу еңбектердің (М.Дүйсенов, Т.Әбдірахманова, М.Әуезов, Л.Әділбекова, М.Әбілқақов, Е.Қасенов, Қ.Андас, Ә. Әбіласанұлы, С.Боранбаева) бас-аяғын жинап, жинақталған деректер мен жарияланған кітаптарын сериямен шығаратын болса, қомақты, мазмұнды бірнеше томдық еңбек болар еді.

Іляс Жансүгіров шығармаларының толық жинағының академиялық басылымын шығару да өзекті мәселе болып тұр. Бұрынғы басылымдарда кейбір өлеңдерінің жазылған уақыты қате берілген. Мысалы, «Ортақшыл партияға» - 1920, «Саясат қошқарлары» - 1922 жылы жазылды деп көрсетіледі. Шындығында бұл өлеңдер алғаш рет «Тілші» газетінде 1923 жылдың 16 қаңтары мен 23 ақпан күнгі сандарында жарияланды. Бұларды анықтау ақынның көзқарасын, эволюциясын білу үшін, әсіресе, қажет - ақ.

Шығармаларына ешқандай да текстологиялық жұмыс жүргізілмеген. Қандай шығарманың болса да ең алғашқы түп нұсқасын негізге аламыз десек те, кейін ақынның өзі енгізген тиісті өзгерістерін ескермей кете алмаймыз.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерді» деп ақынның өзі жырлағандай, қазақ елінің сағанағы Іляс Жансүгіровтың әдеби мұрасын жан-жақты, терең зерттеп, зерделеу - үнемі даму үстінде болатын құбылыс және ұлттық әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселе.

**Шара КЫЯХМЕТОВА,**
**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.**




# МОЙ ЯЗЫК – МОЯ ГОРДОСТЬ

Советская литература на казахском языке всегда была под контролем, и цензура всё-таки переделывала историю под марксистско-ленинскую идеологию, что мешало новому поколению понять сущность своего народа.

На сегодняшний день нужны новые идеи и идущие в ногу со временем произведения, которые остро поднимают насущные проблемы и переживания каждого гражданина. Его внутренний мир должен предстать в наглядном виде – только в этом случае можно будет сказать, что наш язык сможет конкурировать с другими.

Еще одна проблема, которая делает речь чуточку невостребованным, его неразвитость в таких важных сферах жизнедеятельности современного человека, как высокие технологии, финансы, машиностроение, экономика и так далее. Понятно, что в советские времена в этих отраслях казахский не применялся в должной мере и поэтому возникают перманентные проблемы внедрения языка. Но, к счастью, сложные термины переводятся и издаются специализированные словари, хотя качество некоторых из них немного не удовлетворяют. Из-за различных исторических событий народ на родной земле стал меньшинством. Тогда традиции, обычаи насильно предавали забвению. Но если мы хотим быть действительно независимой страной, то должны хотя бы на начинающем уровне знать родной, который живет на птичьих правах в своей же стране и не играет существенной роли даже на отечественных телеканалах, увы. Прошло около 30 лет со дня издания закона о государственном языке, и этого периода было достаточно, чтобы он возродился и занял свою нишу. А вместо этого он деградирует и угасает. Раньше люди винили во всем политику России. Но, кажется, мы сами виноваты во всем.

В настоящее время, несмотря на широкое использование казахского, он засорен иностранными словами. Это надо исправлять. Знать казахский язык – долг каждого казахстанца, писал сам президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в своей статье «Самое дорогое – это независимость» в газете «Егемен Қазақстан». У нас самый богатый, красивый, мелодичный язык. Мы должны гордиться этим.

**Тогжан КОЖАБЕКОВА.**

# РОЛЬ ЖЕНЩИНЫ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ



При упоминании Наурыз, вспоминается Женский день – международный праздник, отмечаемый во всём мире. О представительницах прекрасного пола пишут стихи и поют песни. Женщины словно сравниваются с весной, ведь они так же приносят тепло в нашу жизнь. И их труд по-настоящему тяжел, хотя многие привыкли этого не замечать. В наше время на хрупких плечах больше забот, чем было раньше: не просто нужно создать и поддерживать уют в доме, кормить и воспитывать детей, а необходимо работать, получать знания и в какой-то степени вносить вклад в бюджет семьи. Они участвуют в государственном управлении, принимают важнейшие политические решения, развивают общественную деятельность, реализуют крупные бизнес-проекты. Но все эти занятия изматывают, поэтому крайне важно уделить ей время в день 8 марта, позволить отдохнуть и почувствовать себя королевой жизни. Они достойны большего...

**Аяжан КАЛИАКБАР, магистрант РЯЛ-211.**



# Тот, кто светит

*Наш любимый и уважаемый Бакыт Нусупбекович, от всего сердца поздравляем Вас с 60-летним юбилеем!*

*Вы мудры и богаты жизненным опытом. Ваша роль в образовании велика. Быть преподавателем – счастье, данное не каждому. Ведь на протяжении всей жизни Вы постоянно совершенствуете и приумножаете свои знания, передавая их не одному поколению студентов, неся ответственность за их дальнейшую судьбу и уровень их профессионализма. И для нас этот труд неоценим. Вы всегда относитесь к нам с теплотой и добротой. Как говорил Д. И. Менделеев: «Вся гордость учителя в учениках, в росте посеянных им семян». Мы желаем Вам ясных целей, мудрых решений, роста и развития в профессии, семейного уюта и благополучия. Пусть работа будет в радость, пусть подопечные превзойдут талантливого педагога и порадуют блестящими успехами. С днем рождения!*

***С наилучшими пожеланиями студенты ОП РЯЛ-211, РЯЛ-212.***



# Спасибо, важный человек!

*Счастливая семья немыслима без здоровья и гармоничного развития как детей, так и женщин – матерей, жен, хранительниц домашнего очага. Роль матери в жизни человека невозможно переоценить. С ее любви и заботы, ее слов и наставлений начинается путь личности, поэтому так важно, чтобы сама женщина понимала значимость своей миссии.*

*Она следит за первым вздохом, первым шагом и первым словом своего ребенка. Занимается воспитанием, прививает нравственные ценности, от наличия которых зависит характер человека и его дальнейшая судьба. Учит нас любви, дружбе, искренности, ответственности, честности, справедливости. Становится настоящим наставником, который открывает жизненные истины. Все это говорит о том, что мама незаменима в жизни каждого человека.*

*С Днем благодарения хочу поздравить и пожелать всем женщинам крепкого здоровья, душевного спокойствия, семейного благополучия. Пусть в жизни вас окружает любовь, нежность, тепло. Тепло наших объятий, любовь наших сердец, нежность наших рук.*

***Диас АБДЫЖАППАР.***

# Весь мир на ладони твоей



*Дорогих дам, в чьих сердцах живет великодушие, красота, милосердие, терпение и острый разум, с большим уважением и радостью поздравляю с праздником 8 Марта. Оставайтесь такими же лучезарными и очаровательными, истинными эталонами красоты и обаяния. Будьте счастливы и дома, и на работе, здоровья и душевного равновесия, улыбок и солнечных дней, благополучия и семейного уюта вам. Желаю успеха во всех начинаниях.*

***Мирас СЕИТКУЛ, 2 курс.***

# Удивительная весна в Семиречье

Земля Жетысу считается древнейшей, и благодаря любви и уважению жителей к своей истории сохранились захоронения, городища и петроглифы, которые и по сей день можно увидеть. Ну а природа края заслуживает отдельного внимания. Здесь расположено большое количество охраняемых водных объектов. Национальные парки и заповедники региона – его достояние. Стоит отметить, что именно нерукотворные объекты составляют большую часть достопримечательностей.

Семиречье славится своими обычаями и традициями, а также любовью устраивать яркие, запоминающиеся праздники национального уровня. Гости и местные жители любят бывать на таких мероприятиях, поскольку они неизменно дарят положительные эмоции и воспоминания. Самым первым календарным праздником в стране является Наурыз, который учит посвящать каждое мгновение сотворению добра, проявлению любви, уважения друг к другу и жить в гармонии с людьми и природой. Народ поздравляет друг друга и от всего сердца желает плодородия, достатка и мира каждому дому. На празднике проводятся общие гуляния, застолья. Праздник всегда сопровождается массовым весельем. Молодежь собирается у качелей алтыбакан. Все поют, танцуют, играют в национальные игры. Устраиваются соревнования между юношами в борьбе или скачках, айтысы, в которых акыны, певцы-импровизаторы состязаются в своем мастерстве.

Я люблю свою малую родину и хочу поделиться этой радостью, рассказав о ней всё самое интересное и значимое. Край Жетысу – живописный уголок Казахстана. Эта земля таит в себе множество привлекающих вещей. К примеру в заповеднике Алтын-Емель находится «Поющий бархан». Он удивительно красив, имеет форму полумесяца. При дуновении ветра, даже самого легкого, слышится музыка и создается впечатление, что в сердце бархана находится музыкальный инструмент, издающий изумительные по красоте звуки. Все достопримечательности трудно перечислить. Чтобы окунуться в роскошь удивительных весенних пейзажей Жетысу, нужно приехать к нам в гости.

**Сымбат САНАТОВА, ЖР-311.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

**ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ, МЫ РАДЫ ПРЕДСТАВИТЬ ВАМ ОЧЕРЕДНОЙ ВЫПУСК СЕРИИ РАДИОИНТЕРВЬЮ С МАКПАЛ АДИЛЬХАНОВНОВОЙ. СЕГОДНЯШНИЙ ГОСТЬ – ВЫПУСКНИК ТАЛДЫКОРГАНСКОГО МУЗЫКАЛЬНОГО КОЛЛЕДЖА ИМ. К. БАЙСЕИТОВА И ЖЕТЫСУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. И. ЖАНСУГУРОВА, ЧЛЕН СОЮЗА ПИСАТЕЛЕЙ РК, ОБЛАДАТЕЛЬ МЕДАЛИ «ОТАН ПАТРИОТЫ», ОН ЖЕ ПРИМЕРНЫЙ ОТЕЦ, ВЕРНЫЙ СУПРУГ И ПОЭТ ЖАНГЕЛЬДЫ НЕМЕРЕБАЙ.**




# В каждой душе живёт поэт

**— Мы рады Вас видеть!**

— Спасибо большое, очень приятно осознавать это. Ребята, у вас тут такая теплая атмосфера. И с таким же позитивом хотелось бы еще раз поздравить вас с 50-летием учебного заведения! Лучше поздно, чем никогда. Желаю коллективу университета процветания, больших творческих достижений, смелых проектов и новых открытий. А вы, студенты, покоряйте самые высокие профессиональные вершины.

**— Благодарим за теплые слова. Как настроение?**

— Все замечательно.

**— Вы готовы к интервью?**

— Безусловно.

**— Тогда, мы начнем. Расскажите, пожалуйста, о начале своего творческого пути.**

— Конечно, со школы все и началось. Потихоньку писал стихи. Хоть я в то время не был таким знаменитым, но уже публиковался в местных, районных газетах и журналах. Учителя готовили меня, и мы принимали участие в разных литературных конкурсах. Со временем все утихло. Так и забыли...

После окончания 9-го класса, некоторые наши сверстники уехали получать образование в город. Вместе с ними я приехал в Талдыкорган и поступил в музыкальный колледж им. Канабека Байсеитова. А сам я уроженец села Кольбай Алакольского района. Кроме поэзии, я также владел искусством игры на домбре. И в школе учился хорошо, наверное, из-за этого получил стипендию. Отучился 4 года. После этого меня тянуло в Алматы, так как мне нужно было высшее образование. Но, увы, не поступил. Пришлось устроиться молодым учителем в среднюю школу села Екпинди. Затем переведся в город Ушарал, в районный центр. Через год, вернувшись в Талдыкорган, поступил на факультет культуры и искусства Жетысуского университета, который в то время был государственным вузом. Проводя здесь некоторое время, познакомился с другими молодыми поэтами, современниками, товарищами. Вот так вот!

**— Кто привил Вам любовь к поэзии?**

— Учителя казахского языка и литературы зажгли огонек во мне, что горит ярким пламенем сейчас. Они оценивали, редактировали и проверяли мой материал. Ну и позже, меня заметил любимый поэт нашего народа Абен Дауренбеков, который в будущем лично работал со мной, помогал публиковать стихи, поощрял первые литературные опыты. Да и дал мне литературный псевдоним «Жан Сері». Получив его благословение, у меня все начало налаживаться: стихи, написанные мною, стали включаться в сборники, а затем вышла и моя собственная книга. Хотел бы воспользоваться моментом и выразить свою благодарность.

**— Если не секрет, откуда Вы черпаете вдохновение?**

— Вы знаете, вдохновение – это скорее состояние внутреннего подъема, прилива энергии и сил, которые помогают начать новое или продолжить то, что уже начато. Редко, когда художник или поэт обходится без музы. Она как страсть, что вдохновляет на творчество и созидание. Есть она и у писателя, архитектора, дизайнера.

Бывает, что стихи рождаются с любовью, когда тоскуешь по прошлому, скучаешь по юности, вспоминаешь детство, где мог улыбаться и играть самозабвенно, тоскуешь по друзьям. И в такие моменты появляется та самая муза, освещая темную комнату, как луна дарит свой свет во тьме ночной царицы. Честно говоря, никогда не знаешь, что произойдет через минуту. Иногда не можешь брать в руки перо месяцами, не можешь думать неделями, а иногда мысли, слова, рифмы приходят из ниоткуда. Главное, искать все время источник вдохновения.

*Мына дәуірде, мына ғасырда,*
*Жылдар мен айлар, күн арасында,*
*Өмірдің терең тұңғиығында,*
*Көңілдің биік мұнарасында,*
*Қауызын ашқан гүлдің ішінде,*
*Шаттықтың және мұңның ішінде,*
*Біресе жақын, біресе алыс,*
*Ұқсаған бейне – нұрлы мүсінге.*
*Еріп бір жатқан қар арасында,*
*Мөлт еткен тамшы далада, шыңда.*
*Сезімнің тұнық жұпарын жұтқан,*
*Тыныстап еркін таң ауасын да.*
*Жауһарға толы жырдың үлгісі,*
*Айдары алтын – жылдың бір құсы.*
*Көктеммен келген сіз екенсіз ғой,*
*Гүлдің сіңілі, Күннің құрбысы...*

***Жангельды НЕМЕРЕБАЙ.***



**— Интересно, порадуете ли Вы своих читателей в скором времени?**

— На сегодняшний день у меня есть три опубликованных книг. Хотя я говорю, что их две, так как одна из них вышла небольшим тиражом. Потом вышел в свет второй сборник стихов. А третья книга называется «Ай туған сәт». Поступило предложение издать еще одну книгу, собрав все старые и недавно написанные материалы. В настоящее время книга готовится.

**— С нетерпением будем ждать выхода вашей книги и следить за новостями, как и ваши читатели. Ведь их число увеличивается день ото дня, что очень радует. Можете ли дать совет молодому творческому поколению, которое равняется на Вас и делает свои первые шаги.**

— Цицерон говорил, что поэтами рождаются, ораторами становятся. Полностью согласен, но думаю иначе, чем Пушкин, который писал:

Не для житейского волненья, не для корысти, не для битв –

Мы рождены для вдохновенья, для звуков сладких и молитв.

Я считаю, что народ должен оценивать твое творение, а не ты сам. Поэзия – твой кругозор, мышление, кровь, быт, натура, характер. Она во всем, что движет тобой. Будь самим собой, будь честен и чист, как белый лист. Имей доброе сердце, свободное от невежества, искреннее намерение, и главное, ясный ум, светлый лик, ранимую душу.

**— Благодарим за такую интересную беседу! Кстати, 21 марта всемирный день поэзии. Мы хотим заранее поздравить Вас. Желаем, чтобы в Вашей талантливой, ранимой душе всегда было уютно и пусть там неустанно струится творческая неисчерпаемая энергия сердца.**

*7-8 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ.*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Медиаорталық басшысы Баян Шаянбаева**

**Бас редактор:** А. Иебекова
**Тілші:** С. Әшірбекова
**Корректор:** А. Махимова
**Дизайнер:** Н. Елшібеков
**Фотограф:** С. Туранов

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
**Байланыс телефоны: 12-00**

**Индекс 64568**
**Тапсырыс №331**
**Таралым 2000 дана**